

Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығындағы кедергілерді саралау және тосқауылдар мен шектеулерді жойылған деп тану әдіснамасын бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 28 наурыздағы № 41 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 28-бабына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің 43-тармағының 4 және 10-тармақшаларын іске асыру шеңберінде (көрсетілген Шартқа № 1 қосымша) Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шепті**:

1. Қоса берілп отырған Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығындағы кедергілерді саралау және тосқауылдар мен шектеулерді жойылған деп тану әдіснамасы бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығындағы кедергілерді тосқауылдарға, алып қоюлар мен шектеулерге бөлу, және тосқауылдарды жойылған деп тану әдіснамасын бекіту туралы" 2021 жылғы 2 ақпандағы № 10 шешімінің күші жойылған деп танылсын.

3. Осы Шешім күшіне енген күнге дейін тиісінше кедергілер тізіліміне немесе шектеулер тізіліміне енгізілген Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығындағы кедергілер мен шектеулер осы Шешіммен бекітілген Әдіснамада көзделген тәртіппен жойылған деп танылуға жатады деп белгіленсін.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрагасы

M. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2023 жылғы 28 наурыздағы
№ 41 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығындағы кедергілерді саралау және тосқауылдар мен шектеулерді жойылған деп тану әдіснамасы

I. Жалпы ережелер

1. Осы Әдіснама Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) ішкі нарығындағы кедергілерді саралау, Одақтың ішкі нарығындағы тосқауылдар мен шектеулерді жойылған деп тану және кедергілер тізілімін және шектеулер тізілімін

жүргізу мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (Шартқа № 1 қосымша) 43-тармағының 4 және 10-тармақшаларын іске асыру шеңберінде 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) 28-бабына сәйкес әзірленді.

2. Осы Әдіснаманың ережелері мыналарға байланысты құқықтық қатынастарға қолданылмайды:

- а) Шартқа № 28 қосымшада реттелген өнеркәсіптік субсидиялар беру мәселелері;
- б) Шартқа № 29 қосымшада реттелген ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шаралары;
- в) Шартқа № 19 қосымшада реттелген траншекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу белгілерінің болуы туралы мәселелер.

II. Анықтамалар

3. Осы Әдіснамада қолданылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"тосқауылдар" – Одаққа мүше мемлекеттердің қолданыстағы не қабылданған, бірақ күшіне енбеген заңнама нормаларының немесе Одақта қалыптасқан құқық қолдану практикасының Одақ құқығына сәйкес келмеуі салдарынан туындаған, Одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуі шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың, жұмыс күшінің еркін қозғалысы және олардың Одаққа мүше мемлекеттердің нарықтарына қол жеткізуі үшін кедергілер;

"алып қоюлар" – Одаққа мүше мемлекеттің Одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуінің жалпы қағидаларын қолданбауы бөлігінде Одақ құқығында көзделген алып тастаулар (шегіністер);

"шектеулер" – Одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуі шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың, жұмыс күшінің еркін қозғалысы және олардың Одаққа мүше мемлекеттердің нарықтарына қол жеткізуі үшін дамуы Одақ құқығында көзделген экономикалық қатынастарды құқықтық реттеудің болмауы салдарынан туындаған кедергілер.

Осы Әдіснамада пайдаланылатын өзге де ұғымдар Шартта және Одақ құқығына кіретін актілерде айқындалған мәндерде қолданылады.

III. Кедергілерді анықтау және кедергілер туралы мәліметтермен жұмысты ұйымдастыру

4. Еуразиялық экономикалық комиссияның Ішкі нарықтар, ақпараттандыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жөніндегі алқа мүшесі (министр) (бұдан әрі тиісінше – Алқаның уәкілетті мүшесі, Комиссия) мыналарда кедергілер туралы мәліметтерді қарайды:

а) Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер), занды және жеке тұлғалардың мемлекеттік билік органдарының өтініштері (өтініштерді қосымшаға сәйкес нысан бойынша беру ұсынылады);

б) Комиссияның мүше мемлекеттердің Шарт ережелерін, Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерді орындаудына мониторингті, сондай-ақ мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері жобаларының Шарттың, Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілердің ережелеріне сәйкестігін мониторингтеуді жүзеге асыру нәтижелері.

5. Егер кедергі туралы мәліметтерді қамтитын өтініште баяндалған жағдай Одақтың құқығында көзделген алып қоюды іске асыру белгінде құқық қолдану практикасына байланысты болса, құзыретіне ішкі нарықтардың жұмыс істеуі мәселелері жататын Комиссия департаменті (бұдан әрі – уәкілетті департамент) бұл туралы өтініш берушіні қорытынды дайындауда Алқаның уәкілетті мүшесінің қолы қойылған хатпен хабардар етеді.

6. Уәкілетті департамент кедергі туралы мәліметтерді алған күннен бастап күнтізбелік 3 күн ішінде Комиссияның құрылымдық белімшелеріне кедергілер немесе шектеулер белгілерінің болуы не болмауды туралы (кедергі туралы мәліметтерді қамтитын құжаттардың (материалдардың) көшірмелерін қоса бере отырып) сұрау салуды жібереді.

7. Занды немесе жеке тұлғалар ұсынған мәліметтер және (немесе) құжаттар (материалдар) Одақтың ішкі нарығындағы кедергілерді анықтау үшін жеткіліксіз болған жағдайда уәкілетті департамент өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік 3 күн ішінде осындай тұлғаларға тиісті мәліметтерді және (немесе) құжаттарды (материалдарды) ұсыну қажеттілігі туралы сұрау салуды жібереді.

Көрсетілген сұрау салудың көшірмесі бір мезгілде Комиссиямен өзара іс-қимыл жасауга уәкілеттік берілген мүше мемлекеттің атқарушы билік органына (бұдан әрі – мүше мемлекеттің уәкілетті органы) жіберіледі. Осы Әдіснаманың 21-тармағында көзделген жалпы мерзім күнтізбелік 70 күнге дейін ұзартылады.

Жетіспейтін құжаттар (материалдар) ұсынылмаған жағдайда Комиссия өтінішті белгіленген тәртіппен қарауды жалғастырады.

8. Осы Әдіснаманың 4-тармағына сәйкес ұсынған кедергілер туралы мәліметтер туралы ақпарат Одақтың "Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарықтарының жұмыс істеуі" ақпараттық ресурсында мына мекенжай бойынша орналастырылуға тиіс: <https://barriers.eaeunion.org> (мүше мемлекеттердің авторландырылған пайдаланушыларына жаңа өтініштердің келіп түскені туралы автоматты түрде хабарлай отырып).

IV. Кедергілер туралы мәліметтерді талдау және қорытынды дайындау

9. Комиссияның құрылымдық бөлімшелері осы Әдіснаманың 6-тармағына сәйкес уәкілетті департаменттің сұрау салуы жіберілген күннен бастап құнтізбелік 7 күннен кешіктірмей уәкілетті департаментке өз ұстанымдарын ұсынады, онда мәселенің мәні бойынша дәлелді тұжырымдар болуға тиіс.

10. Уәкілетті департамент кедергілер туралы мәліметтерді алған күннен бастап құнтізбелік 15 күн ішінде сараптамалық консультациялар өткізу күнін көрсете отырып, мүше мемлекеттердің үкіметтеріне Алқаның уәкілетті мүшесі қол қойған Одақтың ішкі нарығындағы кедергі және (немесе) шектеу белгілерінің болуы туралы алдын ала қорытынды жібереді және көрсетілген қорытынды бойынша мүше мемлекеттердің ұстанымдарын сұратады.

Сонымен бір мезгілде Одақтың ішкі нарығындағы кедергі және (немесе) шектеу белгілерінің болуы туралы алдын ала қорытындының көшірмесі Алқаның уәкілетті мүшесінің мүше мемлекеттер үкіметтерінің атына жазылған хатының көшірмесін қоса бере отырып, уәкілетті департамент мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына электрондық пошта арқылы жібереді.

11. Сараптамалық консультациялар Одақтың ішкі нарығындағы кедергі және (немесе) шектеу белгілерінің болуы туралы алдын ала қорытынды жіберілген күннен бастап құнтізбелік 15 күн ішінде, бірақ алдын ала қорытынды жіберілген күннен бастап құнтізбелік 10 күннен кешіктірілмей жүргізіледі. Сараптамалық консультацияларда бір немесе бірнеше мүше мемлекеттер өкілдерінің болмауы оларды ауыстыру және оларды өткізу қорытындылары бойынша Одақтың ішкі нарығындағы кедергі және (немесе) шектеу белгілерінің болуы (болмауы) туралы қорытындыны дайындауды тоқтата туру үшін негіз болып табылмайды.

Сараптамалық консультациялар мүше мемлекеттердің өндірістік құнтізбелері мен жұмыс уақытының кестелерін ескере отырып, сондай-ақ Одақ органдарының отырыстарын өткізу кестесін ескере отырып жүргізіледі. Мүше мемлекеттің өтініші бойынша сараптамалық консультациялар осы тармақта көрсетілген мерзім шегінде бір реттен артық емес ауыстырылуы мүмкін.

12. Уәкілетті департамент сараптамалық консультацияларға қатысу үшін Комиссияның құрылымдық бөлімшелерінің өкілдерін шақырады.

Уәкілетті департамент сараптамалық консультациялар өткізілген күннен бастап құнтізбелік 5 күннен кешіктірмей мүше мемлекеттерге оларды өткізу қорытындылары бойынша хаттама жібереді.

13. Алқаның уәкілетті мүшесі сараптамалық консультациялар өткізілген күннен бастап құнтізбелік 15 күн ішінде мүше мемлекеттердің үкіметтеріне Одақтың ішкі нарығындағы кедергі және (немесе) шектеу белгілерінің болуы не болмауы туралы қорытынды жібереді.

Кәкілетті департамент аталған қорытындының көшірмесін Алқаның уәкілетті мүшесінің мүше мемлекеттер үкіметтерінің атына хатының көшірмесін қоса бере

отырып, бір мезгілде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына электрондық пошта арқылы жібереді.

14. Өтініш нысанасына қатысты қосымша мәліметтер алған жағдайда, мұндай мәліметтер Одақтың ішкі нарығындағы кедергі және (немесе) шектеу белгілерінің болуы туралы қорытынды дайындау шенберінде қаралады.

15. Кедергі және (немесе) шектеу белгілері болмаған кезде кедергілер туралы тиісті мәліметтерді алған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде мынадай іс-әрекеттер жүзеге асырылады:

егер өтініш заңды немесе жеке тұлғадан келіп түскен жағдайда уәкілетті департамент өтініш берушіге Одақтың ішкі нарығында тосқауыл және (немесе) шектеу белгілері жоқ екендігі туралы негіздемемен хат жібереді. Уәкілетті департамент мұндай хаттың көшірмесін бір мезгілде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына электрондық пошта арқылы жібереді;

егер өтініш мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органынан түскен жағдайда, Алқаның уәкілетті мүшесі мүше мемлекеттердің үкіметтерінің атына Одақтың ішкі нарығында кедергі және (немесе) шектеу белгілерінің жоқтығы туралы қорытынды жібереді. Уәкілетті департамент мұндай қорытындының көшірмесін бір мезгілде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына электрондық пошта арқылы жібереді.

16. Мүше мемлекет осы Әдіснаманың 15-тармағына сәйкес жіберілген Одақтың ішкі нарығында кедергі және (немесе) шектеу белгілерінің жоқтығы туралы хатта немесе қорытындыда қамтылған тұжырымдармен келіспеген жағдайда, мүше мемлекет осындай хатты немесе қорытындыны алған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде Комиссияға Одақтың ішкі нарығында кедергі және (немесе) шектеу белгілерінің болмауы туралы дәлелді ұстанымды жібереді.

Дәлелді ұстаным Комиссияға мүше мемлекеттің уәкілетті органы лауазымды адамының (басшының орынбасарынан төмен емес деңгейде) қолы қойылып жіберіледі және Одақ құқығының нормаларына сілтемелерді қамтуға тиіс, сондай-ақ мүше мемлекеттің Одақтың ішкі нарығында шектеулердің және (немесе) кедергі белгілерінің жоқтығы туралы хатпен немесе қорытындымен келіспеуі үшін негіз болып табылатын қаралатын мәселе бойынша қосымша материалдар қоса берілуі мүмкін.

Уәкілетті департамент дәлелді ұстаныммен бірге алған мәліметтер мен материалдарды жинақтайды және оларды алған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде жинақталған материалдар мен дәлелді ұстанымды мүше мемлекеттерге жібереді, сондай-ақ сараптамалық консультациялар өткізуі үйімдастырады.

Егер көрсетілген консультациялардың қорытындылары бойынша кедергі және (немесе) шектеу белгілерінің болуын растайтын жаңа мәліметтер анықталмаған жағдайда, уәкілетті департамент олар аяқталған күннен бастап күнтізбелік 5 күн ішінде мүше мемлекеттерге тиісті хаттама жібереді.

Егер көрсетілген консультациялардың қорытындылары бойынша кедергі және (немесе) шектеу белгілерінің болуын растайтын жаңа мәліметтер белгіленген жағдайда уәкілетті департамент 15 күнтізбелік күн ішінде тиісті хаттаманы ресімдейді және Одақтың ішкі нарығында кедергі және (немесе) шектеу белгілерінің болуы туралы қорытынды дайындауды.

17. Жалпы мерзімге Комиссияға дәлелді ұстаным келіп түскен күннен бастап Одақтың ішкі нарығында кедергі және (немесе) шектеу белгілерінің болмауы туралы мәселе бойынша сараптамалық консультациялардың қорытындылары бойынша хаттама мүше мемлекеттерге жіберілген күнге дейінгі кезең енгізілмейді.

18. Мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері жобаларының Шарттың, Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттардың және актілердің ережелеріне сәйкестігін мониторингтеу барысында кедергі белгілері анықталған кезде Алқаның уәкілетті мүшесі нормативтік құқықтық актіні қабылдау жоспарланып отырған мүше мемлекетке Одақтың ішкі нарығында кедергінің туындауы мүмкін екендігі туралы хабарлайды.

19. Одақтың ішкі нарығында кедергі және (немесе) шектеу белгілерінің болуы туралы қорытынды мынадай ақпаратты қамтиды:

- а) өтініштің мәні;
- б) Комиссия өтінішті қарау барысында өткізген іс-шаралары;
- в) мүше мемлекеттердің ұстанымдары (бар болса);
- г) Комиссияның құрылымдық бөлімшелерінің ұстанымдары;
- д) өтініш нысанасын талдау қорытындылары;
- е) мүше мемлекеттерде ұқсас (жақын, осындай) құқық нормаларының және құқық қолдану практикасының болуы (болмауы) туралы ақпарат;
- ж) қосымша мәліметтер (бар болса);
- з) кедергі және (немесе) шектеу белгілерінің болуы (болмауы) туралы қорытындылар.

20. Егер кедергі белгілерінің болуы туралы қорытындыны дайындау барысында уәкілетті департамент басқа мүше мемлекеттердің заңнамасында ұқсас (жақын, осындай) құқық нормаларын және (немесе) тиісті құқық қолдану практикасын анықтаған жағдайда, мәселе осы Әдіснамаға сәйкес жеке тәртіппен қаралады.

21. Осы Әдіснаманың 4-тармағында көрсетілген мәліметтерді қараудың жалпы мерзімі олар уәкілетті департаментке келіп түскен күннен бастап Комиссия алқасы отырысының күн тәртібінің жобасына Одақтың ішкі нарығында кедергі немесе шектеу белгілерінің болуы туралы мәселені енгізу үшін Алқаның уәкілетті мүшесі материалдарды жіберген күнге дейін күнтізбелік 60 күннен аспауға тиіс.

V. Комиссия Алқасының Одақтың ішкі нарығындағы кедергілер мен шектеулер туралы мәселелерді қарауы және оларды кедергілер тізіліміне және шектеулер тізіліміне енгізуі

22. Кедергі белгілері бар тосқауылға қатысты уәкілетті департамент мүше мемлекетке Одақ құқығына кіретін халықаралық шарттарды және (немесе) Одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуі шенберінде Комиссия шешімдерін орындау қажеттігі туралы хабардар ету туралы Комиссия Алқасы шешімінің жобасын дайындайды, оның ішінде мүше мемлекетке кедергіні жою жөнінде шаралар қабылдау ұсынылатын мерзім көрсетіледі, ал Алқаның уәкілетті мүшесі осы мәселе бойынша материалдарды Комиссия Алқасы отырысының күн тәртібінің жобасына енгізу үшін оларға мүше мемлекеттердің үкіметтеріне Одақтың ішкі нарығында кедергі белгілерінің болуы туралы қорытынды жіберілген күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде жібереді.

23. Шектеу белгілері бар кедергіге қатысты уәкілетті департамент кедергіні шектеу ретінде саралау туралы Комиссия Алқасы шешімінің жобасын дайындайды, ал Алқаның уәкілетті мүшесі осы мәселе бойынша материалдарды Комиссия Алқасы отырысының күн тәртібінің жобасына енгізу үшін оларға мүше мемлекеттердің үкіметтеріне Одақтың ішкі нарығында шектеу белгілерінің болуы туралы қорытынды жіберілген күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде жібереді.

24. Құқықтық департамент мүше мемлекеттің Одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуі шенберінде міндеттемелерді орындауды туралы және кедергілерді шектеу ретінде саралау туралы Комиссия Алқасы шешімдерінің жобаларына құқықтық сараптаманы осындай жобалар Құқықтық департаментке ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 7 күн ішінде жүргізеді.

25. Комиссия Алқасы отырысы күн тәртібінің жобасына енгізу үшін тосқауыл белгілері бар кедергілердің бар екендігі туралы материалдар жіберілген күннен бастап күнтізбелік 7 күннен аспайтын мерзімде уәкілетті департамент кедергіні жоюға бағытталған шешімдерді әзірлеу және оларды іске асыру мерзімдерін айқындау мақсатында мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдары басшылары орынбасарларының қатысуымен кеңес өткізуді ұйымдастырады.

Өзіне қатысты кедергі белгілерінің болуы туралы мәселе қаралатын мүше мемлекет тосқауыл белгілері бар кедергіні жою қажеттілігімен келіскең және мұндай кедергіні 6 айдан аспайтын мерзімде жоюға дайын болған жағдайда, осы мүше мемлекет кедергіні жоюодың ықтимал тәсілдерін сипаттай отырып, Комиссия Алқасының отырысында қарау үшін тиісті дәлелді ұстанымды ұсынады.

Алқаның уәкілетті мүшесі Комиссия Алқасының отырысында тосқауыл белгілері бар кедергіні саралау туралы мәселені қарауды кеңес барысында келісілген, бірақ 6 айдан аспайтын мерзімге ауыстыру туралы хаттамалық жазбаны қабылдау туралы ұсыныс енгізеді.

Комиссия мүше мемлекеттердің тосқауыл белгілері бар кедергілерді жоюға бағытталған шараларды осы Әдіснаманың 8-тармағында көрсетілген ақпараттық ресурста қабылдауға дайындығына байланысты Комиссия Алқасының қарау мерзімі ауыстырылған тосқауыл белгілері бар кедергілерді есепке алуды қамтамасыз етеді.

Осы тармақтың үшінші абзацында көрсетілген мерзім өткенге дейін құнтізбелік 30 күн бұрын мәселе Комиссия Алқасы отырысының күн тәртібіне қайта енгізіледі, ал Алқаның уәкілетті мүшесі Комиссия Алқасының Төрағасына жаңартылған тиісті материалдарды жібереді.

Тосқауыл белгілері бар кедергіні жою жөнінде шаралар қабылдау туралы Комиссияға хабарлауды мүше мемлекет алдын ала, бірақ Одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуі шеңберінде мүше мемлекеттің міндеттемелерді орындауды туралы мәселені қарау жоспарланатын Комиссия Алқасы отырысының күніне дейін құнтізбелік 10 күннен кешіктірмей жүзеге асырады.

26. Кедергілер мүше мемлекеттің (мүше мемлекеттердің) Одақ құқығына кіретін халықаралық шарттарды және (немесе) осы Әдіснаманың 22-тармағында көзделген Комиссия шешімдерін орындау қажеттілігі туралы Комиссия Алқасының күшіне енген шешімі негізінде Одақтың ішкі нарығындағы кедергілер тізіліміне енгізіледі.

27. Шектеулер мынадай негіздердің бірі болған кезде Одақтың ішкі нарығындағы шектеулер тізіліміне енгізіледі:

- а) тосқауыл шектеу ретінде сараланған комиссия Алқасының күшіне енген шешімі;
- б) тосқауылдарды шектеу ретінде саралауды қамтитын Одақ органдарының өзге де актілерінің қабылдануы.

28. Алқаның уәкілетті мүшесі кедергілер мен шектеулерді жою барысына мониторинг жүргізуі қамтамасыз етеді.

Алқаның уәкілетті мүшесі кемінде жылына бір рет Комиссия Кеңесінің отырысында Одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуі шеңберінде мүше мемлекеттердің кедергілер мен шектеулерді жою жөніндегі жұмыс нәтижелері туралы баяндайды.

VI. Тосқауылдар мен шектеулерді жойылған деп тану тәртібі Тосқауылдар

29. Мүше мемлекеттер Комиссияны мыналар туралы хабардар етеді:

- а) тосқауылдарды жоюға бағытталған нормативтік құқықтық актілерді қабылдау туралы;

б) мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының тосқауылдардың туындауына әкеп соққан әрекеттерді (әрекетсіздікті) тоқтатуы туралы, сондай-ақ мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының ресми сайттарында осындай әрекеттерді (әрекетсіздікті) тоқтату туралы түсіндірмелерді және (немесе) ақпаратты орналастыру туралы.

30. Уәкілетті департамент Комиссияның құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп өткізілген тосқауылдарды жою мониторингі туралы ақпарат негізінде не мүше мемлекеттерден тосқауылдарды жою жөнінде шаралар қабылдау туралы ақпарат алған кезде мұндай ақпаратты алған күннен бастап құнтізбелік 7 күн ішінде оны мүше мемлекеттердің үкіметтеріне және мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына Алқаның уәкілетті мүшесінің қолын қойғыза отырып жібереді.

31. Мүше мемлекеттердің тосқауылдарды жою жөнінде шаралар қабылдау туралы ақпарат жіберілген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде қарсылықтары болмаған және кедергіні жойылған деп тану мүмкіндігі туралы Алқаның уәкілетті мүшесінің (Комиссияның құрылымдық бөлімшелерінің позицияларын ескере отырып) позициясы болған жағдайда, кедергі жойылған деп есептеледі. Тиісті мәселе Комиссия Алқасының қарауына ақпарат тәртібімен шығарылады. Комиссия Алқасының хаттамалық жазбасы негізінде аталған кедергі Одақтың ішкі нарығындағы кедергі тізілімінен шығарылады.

32. Мүше мемлекеттер кедергіні жою мәселесі бойынша қарсылықтарды жіберген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде кедергіні жою жөнінде шаралар қабылдау және (немесе) Алқаның уәкілетті мүшесінің кедергіні жойылмаған деп тану туралы позициясы болған жағдайда, уәкілетті департамент мүше мемлекеттердің осындай қарсылықтарын алған күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде кедергіні жойылған деп тану туралы мәселені талқылау үшін сараптамалық консультациялар өткізуі үйымдастырады.

Сараптамалық консультациялардың қорытындылары бойынша келіспеушіліктер болған жағдайда уәкілетті департамент осындай консультациялар өткізілген күннен бастап күнтізбелік 7 күннен кешіктірілмейтін мерзімде кедергіні жойылған деп тану үшін қабылданған шаралардың жеткіліктілігін бағалау үшін мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдары басшылары орынбасарларының қатысуымен консультациялар өткізуі үйымдастырады.

33. Егер жүргізілген консультациялардың қорытындылары бойынша кедергіні жойылған деп тану туралы келісілген шешім болмаған жағдайда, Алқаның уәкілетті мүшесі кедергіні жойылған деп тану туралы мәселені Комиссия Алқасы отырысының күн тәртібінің жобасына енгізу үшін Аомиссия Алқасының Төрағасына материалдар жібереді.

Комиссия Алқасы кедергіні жойылған деп тану туралы шешім қабылдаған жағдайда ол кедергілер тізілімінен шығарылады, Комиссия Алқасы кедергіні жойылған деп тану туралы шешім қабылдамаған кезде ол кедергілер тізілімінде қалады.

Шектеулер

34. Шектеуді жойылған деп тану мақсатында құзыретіне шектеу жатқызылған Комиссия Алқасының мүшесі мұндай шараларды іске асыру аяқталған кезде құжаттарды (материалдарды) қоса бере отырып, шектеуді жоюға бағытталған шараларды іске асыру туралы алдын ала қорытындыны оларды іске асыру үшін көзделген мерзім өткен күннен бастап күнтізбелік 7 күннен аспайтын мерзімде Алқаның уәкілетті мүшесіне жібереді. Алдын ала қорытындыда тиісті шектеуді жою үшін іске асырылған шаралардың жеткіліктілігі (жеткіліксіздігі) туралы тұжырымдар қамтылуға тиіс.

35. Алқаның уәкілетті мүшесі осы Әдіснаманың 34-тармағында көзделген қорытындыны қарайды, қажет болған жағдайда Комиссияның құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ак мүше мемлекеттердің қатысуымен консультациялар жүргізеді және мұндай қорытындыны алған күннен бастап қүнтізбелік 15 күннен аспайтын мерзімде мүше мемлекеттердің үкіметтеріне құрылымдық бөлімшелердің ұстанымдарын қоса бере отырып, шектеуді жойылған деп тану туралы Комиссияның дәлелді қорытындысын жібереді. Мүше мемлекеттер шектеуді жою мәселесі бойынша Комиссияның дәлелді қорытындысын алған күннен бастап қүнтізбелік 30 күннен аспайтын мерзімде ұстанымдар беруді қамтамасыз етеді. Дәлелді қарсылықтар болмаған немесе мүше мемлекеттер көрсетілген мерзімде қарсылықтар ұсынбаған жағдайда, Алқаның уәкілетті мүшесі шектеуді Комиссия Алқасы отырысының күн тәртібіне жойылған деп тану туралы Комиссия Алқасы шешімінің жобасы туралы мәселені енгізу жөнінде ұсыныс жібереді.

36. Мүше мемлекеттерден дәлелді қарсылықтар ұсынылған кезде уәкілетті департамент оларды алған күннен бастап қүнтізбелік 15 күн ішінде шектеуді жойылған деп тану туралы мәселені талқылау үшін сараптамалық консультациялар өткізуі үйимдастырады.

Көрсетілген сараптамалық консультациялар өткізілген күннен бастап қүнтізбелік 15 күннен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті департамент шектеуді алдын ала жойылған деп тану үшін мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдары басшылары орынбасарларының қатысуымен консультациялар өткізуі үйимдастырады.

Егер жүргізілген консультациялардың қорытындылары бойынша шектеуді жойылған деп тануға қатысты келіспеушіліктер болмаған жағдайда, Алқаның уәкілетті мүшесі Комиссия Алқасы отырысының күн тәртібіне шектеуді жойылған деп тану туралы Комиссия Алқасы шешімінің жобасы туралы мәселені енгізу жөнінде ұсыныс жібереді.

Егер жүргізілген консультациялардың қорытындылары бойынша шектеуді жойылған деп тануға қатысты келіспеушіліктер сақталған жағдайда, шектеуді жойылған деп тану туралы мәселе Комиссия Алқасының отырысында қаралады.

Комиссия Алқасы шектеуді жойылған деп тану туралы шешім қабылдаған жағдайда , ол шектеулер тізілімінен шығарылады.

Еуразиялық экономикалық
одақтың ішкі нарығындағы
кедергілерді саралау және
тосқауылдар мен шектеулерді
жойылған деп тану
әдіснамасына
ҚОСЫМША
(ұсынымдық нысан)

Еуразиялық экономикалық комиссияға кедергіні саралау туралы

ӨТІНİŞ

Өтініш иесі _____

(Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің мемлекеттік органдары, ұйымның атауы, жеке тұлғаның Т.А.Ә.)

1. Проблема сипаттамасы _____

2. Реттеу саласы _____

3. Қолдануға (қолданбауға) байланысты кедергі туындаған Еуразиялық экономикалық

одақ құқығының нормаларын және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына нұсқау _____

4. Мемлекеттік билік органдарының және (немесе) сот сатыларының кедергі туралы мәліметтерді қарауы туралы ақпарат (бар болса) _____

5. Кедергілердің өзара саудаға әсерін экономикалық бағалау туралы ақпарат (бар болса)

6. Өзге де мәліметтер _____

| | |
|-----------|---|
| Ескертпе. | Өтінішке сондай-ақ кедергіге қатысы бар және Еуразиялық экономикалық одақ құқығының бұзылғанын растайтын құжаттардың (материалдардың) көшірмелері қоса беріледі (оның ішінде қалыптасқан құқық қолдану практикасының болуын растайтын көшірмелері). |
|-----------|---|